



**Мектеп жанындағы лагерь
аймағында сақталатын қауіпсіздік
ережелерінің нұсқаулары**

1. Тәрбиешінің рұқсатынсыз лагерьден кетуге болмайды.

2. Тәрбиешісіз спорт алаңына баруға болмайды.

3. Мектеп ауласындағы отырғызылған өсімдіктерді аяла, күту қажет.

4. Ағашқа өрмелеуге тыйым салынады.

5. Құрылыс жүріп жатқан жерге баруға болмайды.



Жолда сақтайтын қауіпсіздік ережелер нұсқаулары

1. Жолдан өткен жағдайда өте сақ болу қажет.

2. Алдымен келесі жаққа өтпес бұрын солға содан соң оңға қарап алып, жақын жерде машина болмаған жағдайда ғана өту керек.

3. Жаяу жүргізушілер жолымен ғана жүр, егер ондай жол болмаса жолдың сол жағымен транспортқа қарсы жүріп отыр.

4. Егер бағдаршам болмаса, келесі жолға тек қана қиылыста ғана өт. Көшені тіке кесіп жүруге болмайды.

5. Жақын келе жатқан транспортпен жарысып жолды кесіп өтпе.

6. Машиналар жүретін жерде ойнауға мүлде болмайды.

7. Транспорт жүретін жолға велосипедпен шығуға болмайды.

Іс-шаралар кезіндегі сақталатын қауіпсіздік ережелер нұсқаулары

- 1.Топтан қалмау керек
- 2.Сапты сақтап жүру.
- 3.Тәрбиеші мен тәлімгерден озып кетпеу.
- 4.Айтқан тапсырмаларды зейін салып тыңдап алу.
- 5.Қолдарыңа сіріңке ұстамау.
- 6.Жиын болғанда жан-жаққа жүгіріп қашпау.
- 7.Ойын үстінде біріңді итеріп, алысып-жұлысып, құлатпау.
- 8.Тәрбиеші мен тәлімгердің рұқсатынсыз көлге бармау.



Интернет желісіндегі балалар мен жасөспірімдердің ақпараттық қауіпсіздігі ережелері

Ата-ананың балаға түсіндіруі қажет ақпараттар:

1. Әлеуметтік желілер

- Өз аккаунтыңды қауіпсіздендіруге тырыс. Өз құпия сөзіңді ешкімге айтпа.
- Желіде басқа адам туралы ақпарат жариялама.

2. Мобильді ғаламтор

- Кім болса соған телефон нөміріңді берме.
- Хабарлама, фото, видеолардың күмәнді таратылымдарына қосылма.
- Жарнама тарататын SMS-ге назар аударма.

3. Онлайн-ойындар

- Қандай ойындар ойнап жүргеніңді ата-анаңа хабарла.
- Желіде басқа ойыншылармен сөйлескенде сақ бол. Тышқанды қандай адам басқарып отырғанын ешқашан білмейсің.
- Ойынға қанша уақыт жұмсау керектігі туралы ата-анаңмен келісіп ал.

4. Чаттар, блогтар, форумдар

- Сөйлесіп болған соң, видеокамераны өшіруді ұмытпа.
- Сенің өмірде де, ғаламторда да жауапкершіліктерің бар.
- Басқа біреудің суретін жарияламас бұрын, рұқсатын ал.
- Сенің парақшаңда басқа адамдардың не жариялап жатқанын бақылауда ұста.
- Сен туралы ақпаратты не үшін сұрап, қайда қолданғалы жатқанын сұрап біл.
- Өзің туралы жеке ақпараттарды жарнамалалық сілтемелерде жариялаудан бас тарт.
- Өзіңіз білмейтін қолданушыдан келген хатты ашпа;
- Спамды басқа адамдарға жіберме.

Ата-аналарға арналған ұсыныстар:

- ✓ Балаға ғаламтордағы жауапкершілік пен өзін-өзі қалай ұстау керектігі жайында түсіндіріңіз.
- ✓ Балаңыздың қандай чат, әлеуметтік сайт, хабарландыру парақшаларын пайдаланып жүргенін бақылаңыз;
- ✓ Шынайы өмірдегі достар туралы сөйлескендей, интернеттегі достары мен немен айналысатындары туралы балалармен сөйлесуді ұмытпаңыз. Бұл адамдардың таныс екеніне көз жеткізу үшін балалар жедел хабар алмасу қызметтері арқылы байланысатын адамдар туралы сұраңыз.
- ✓ **Стандартты ата-ана бақылауына қосымша ретінде қажетсіз мазмұнды блоктау құралдарын пайдаланыңыз. «Ата-ана бақылауы» қосымшасын жүктеп баланың интернеттегі уақытын бақылауда ұстаңыз.**
- ✓ **1-7 сыныптар аралығында оқитын балаларда ересексіз топтық чаттардың боламағы дұрыс. Бұл балалардың кибербуллинг әрекеттеріне апарып соғуы мүмкін.**
- ✓ "Интернет цензоры" тегін бағдарламасын орнатыңыз. Ол сіздің компьютеріңізден кірғіңіз келмейтін сайттарды бұғаттайды.
- ✓ **Балаға мұқият болыңыз. Ол интернет-қорлаудың құрбаны емес екеніне көз жеткізіңіз.**
- ✓ Интернеттегі ойындардың сипатына мән беріңіз, бұрыс сезімдерді, әрекеттерді тарататын ойындарды ойнатпаңыз.
- ✓ Ғаламтордан бағдарлама немесе файл жүктер алдында рұқсат сұрауға үйретіңіз.
- ✓ Балаңыздың ғаламтор арқылы танысқан адаммен кездесуіне рұқсат бермеңіз.
- ✓ Өзің туралы ақпарат берудің құпия болудың мәнін түсіндіріңіз.
- ✓ Балаңыздың ғаламторды бұзақылық үшін пайдалануына жол бермеңіз.
- ✓ Есіңізде болсын, 7 жасқа дейін балаға Интернет қажет емес. Педиатрлардың айтуынша, кіші мектеп оқушыларына күніне 30 минут жеткілікті. 10-12 жаста бала Интернетте 1 сағаттан артық уақыт өткізе алмайды. 12-ден жоғары-1,5 сағаттан аспайды.

Судағы қауіпсіздік ережесі

Рұқсат етілмеген күнге дейін суға шомылған, әсіресе рұқсат етілмеген жерлерде шомылған балаларды қаланың құқық қорғау ұйымдары бақылайды. Баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етпегені үшін заңды өкілін жауапқа тартады, білім беру ұйымына хабарлайды.

Балалардың судағы қауіпсіздігі туралы ата-аналар нені білуі керек?

- суға тамақтанғаннан кейін біржарым сағаттан соң шомылуға болады;
- егер судың температурасы $+16^{\circ}\text{C}$ төмен болса, суға түсуге болмайды, себебі судың суықтығынан аяқ-қолдың тырысуы немесе естен айырылу жағдайлары болуы мүмкін;
- су температурасы $+17^{\circ}\text{C}$ -ден $+19^{\circ}\text{C}$ -ге дейін және ауаның температурасы $+25^{\circ}\text{C}$ болған жағдайда, суда 10-15 минуттан артық шомылуға болмайды;
- балаңыздың ата-анасыз суға түспеуін қадағалаңыз.

Балалардың судағы қауіпсіздігінің негізгі ережесі:

- Бастауыш сынып оқушысы үлкен адамдардың қадағалауынсыз мүлде суға түспеуі қажет;
- Күнге қыздырылғаннан кейін немесе ұзақ жүгірістен соң суға секіруге болмайды, себебі естен айырылып қалу немесе жүректің тоқтап қалуы мүмкін. Алдымен сумен шайынып алу керек;
- Дауыл немесе толқын болған жағдайда шомылуға болмайды;
- Қарсыласыңды суда ұстап тұру ойынымен ойнауға болмайды, себебі жолдасың тұншығып және есін жоғалтуы мүмкін.

Жолдағы қауіпсіздік ережелері

- 1) Жолдан өтпес бұрын автомобиль, автобус, жүк көліктері «зебраға» жетер шақта жылдамдығын азайтқандығына көз жеткізу қажет.
- 2) Жол бойында, әсіресе қыс мезгілінде және жаңбырдан кейін, мұз кезінде жүрмеу қажет.
- 3) Жаяу жүргінші аймағы жоқ жолды оқушыларымыз жиі кесіп өтеді, қатаң тыйым салыңыз.
- 4) Үлкен жолдардан өтер кезде өте сергек болу керек. Өйткені көліктердің үлкен ағымы бар, өте үлкен жылдамдықтар бар.
- 5) Велосипедпен, самокатпен көлік жолында оқушылар жүрмеуі керек. Адамдар аз болатын тротуарды қолданған жөн. Жолды кесіп өтуге дайындық кезінде велосипедтен түсіп өткен абзал.
- 6) Балаларға аулада ойнаға беріліп ойнағанда ойын алаңынан шығып кетпеу қажет екендігін түсіндіріңіз.
- 7) Ата-аналарға бірнеше рет балаларға арналған «Жолдағы қауіпсіздік» тақырыбын көтеру керек.
- 8) Жолдан өткенде телефонмен сөйлеспеу қажет.